Құрғақ ашытқы Yuva қолданылған үлгілердің қышқылдылығы $1,28^{\circ}$ деңгейінде анықталды. Құрғақ ашытқының әсерінен ашу процесі салыстырмалы түрде баяу жүреді, соның салдарынан органикалық қышқылдардың мөлшері төмен болады.

Дайын нан көлемін есептеу арқылы пісіру сапасы бағаланады. Әдістеме бойынша целинтерге су құйып, бастапқы деңгей белгіленді. Нан суға жіппен батырып, толығымен сіңірілді. су деңгейінің көтерілген мөлшері нан көлемін білдіреді.

Құрғақ ашытқы Yuva негізінде дайындалған нанның көлемі 170 см куб болды. Салыстырмалы түрде төмен көрсеткіш болып табылады. Құрғақ ашытқының баяу әсер етуінен және газ түзілу деңгейінің біршама төмен болуынан туындауы мүмкін.

Өртүрлі ашытқылардың нан өнімдерінің микробиологиялық көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жүргізілді. Олардың бакте-


**СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ПЕРЕРАБОТКЕ И
КАЧЕСТВУ ПРОДУКЦИИ АПК**

риялар санын есептеу үшін ет – пептонды агар пайдаланылды. Зерттеу нысаны ретінде мен екі түрлі нан үлгісін алдым. Біріншісі құрғақ Yuva ашытқымен, ал екіншісі тығыздалған ашытқымен дайындалды.

Әр нан үлгісінен мен 1 грамм өнім алып, оны 9 мл стерильді физиологиялық ерітіндімен араластырды. Суспензияны мұқият шайқап, біркелкі ерігенін қамтамасыз еттілді. Әр суспензиядан 1 мл мөлшерін алыды. Оны стерильді Петри табақшаларында өсіру үшін ет – пептонды агар бетіне себілді. Себілген табақшалар 30 – 37°C температурада термостатқа қойылып, 48 сағат бойы инкубацияланды. Инкубациядан аяқталып, агар бетінде өскен микроб бағандары есептелді. Нәтижені 1 грамм өнімге шаққандағы колония түзуші бірліктер ретінде анықталды. Инкубацияға дейін ет – пептонды агар ортасының түсі ашық сары болды. Қоректік ортаның құрамына 10 грамм пептон, 3 грамм ет экстракты, 5 грамм натрий хлориді және 15 грамм агар кіреді.

Нәтижесінде құрғақ Yuva ашытқы қолданылған нан үлгісінде 85 КТБ/г бактерияларды анықтадым. Бағандары ұсақ, дөңгелек және аздап томпаң болып өсті. Мұндай морфология микрофлораның қалыпты белсенділігін және патогенді емес формалардың басым дамуын көрсетеді. Бактериялық ұрықтандырудың төмен деңгейі нанның жақсы микробиологиялық тұрақтылығын көрсетеді, бұл оның сақтау мерзіміне оң әсер етеді. Құрғақ ашытқының құрамында микрофлора аз болады, бұл оларды нан пісіру өнеркәсібі үшін қауіпсіз және технологиялық тұрғыдан ыңғайлы етеді.

Сығылған ашытқы негізінде дайындалған нан үлгісінде 140 КТБ/г бактериялар тіркелді. Жағдайда бағандар ірірек және тығыз құрылымда болды. Бұл микрофлораның белсенді дамуын көрсетеді. Сығылған ашытқымен жасалған нан микробиологиялық бұзылуларға төзімділігі төмен болды. Осы себептен оның жарамдылық мерзімін қысқартады (сурет 6).



а)

ә)

Сурет 6 – Үлгі нәтижелері:

а) құрғақ *Yuva* ашытқы қолданылған нан үлгісі, ә) Сығылған ЛЮКС ашытқы негізінде дайындалған нан үлгісі

Қазақстандық және халықаралық стандарттарға сәйкес, нан өнімдерінде жалпы бактериялар саны $1 \times 10^3 - 1 \times 10^4$ КОЕ/г аралығында болуы керек. Зерттеуде көрсетілген мәндер осы нормаға сәйкес келетінін көрсетеді.


Нан өнімдерінде ашытқылар мен зең саңырауқұлақтарының болуын зерттеу мақсатында Сабуро қоректік ортасын қолданылды. Себебі сабуро саңырауқұлақтар мен ашытқылардың өсуіне қолайлы арнайы орта болып табылады.

Зерттеу барысында құрғақ және тығыздалған ашытқы негізінде дайындалған нан үлгілерінен 1 граммнан алып, 9 мл стерильді физиологиялық ерітіндіге еріттім. Суспензия мұқият араластырылды. Әр үлгіден 1 мл Сабуро ортасына егілді. Сабуро құрамына құрғақ балық ұнының панкреатикалық гидролизатының 10,0 г, құрғақ казеиннің панкреатикалық гидролизатының 10,0 г, ашытқы сығындысы 2,0 г, натрий фосфаты бір негізді дигидраты 2,0 г, Д – глюкозасы 40,0 г, бактериологиялық агар $10,0 \pm 3,0$ г кіреді. Петри табақшаларына орналастырылды. Табақшалар $25-28^\circ\text{C}$ температурада термостатқа қойылып, 5–7 күн бойы инкубацияланды. Инкубация мерзімі аяқталғаннан кейін Петри табақшаларын қаралды. Сабуро ортасында барлығы 6 колония байқалды. Онлардың 5 ашытқы және 1 зең саңырауқұлағының колониясы өсті. Ашытқылардың


**СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ПЕРЕРАБОТКЕ И
КАЧЕСТВУ ПРОДУКЦИИ АПК**

колониялары ақшыл түсті, тегіс және домалақ пішінді болса, зеңдер – түкті, сұр және жасыл түсті құрылымдармен сипатталды.

Тығыздалған ашытқы негізіндегі нан үлгісінде колониялар нашар байқалды, әлсіз өсу байқалды. Үйва құрғақ ашытқы қолданылған үлгіде саңырауқұлақтардың колониялары айқын, жақсы көрінді. Айырмашылық пайдаланылған ашытқы түріне және өнімнің ылғалдылығы мен сақтау жағдайына байланысты болуы мүмкін. Ашытқы мен зеңдердің жалпы саны 6 КОЕ/г құрады. Санитарлық – гигиеналық талаптарға толық сәйкес келеді. Демек, зерттелген нан өнімдері микробиологиялық тұрғыдан қауіпсіз деп есептеледі (сурет 7).



а)




б)

Сурет 7 – Үлгі нәтижелері:

- а) Сығылған ЛЮКС ашытқысынан жасалған нан үлгісі,
- б) Құрғақ Үйва ашытқысынан дайындалған нан үлгісі

Зерттеу барысында құрғақ және тығыздалған ашытқы негізінде дайындалған нан өнімдерінен алынған 1 грамм үлгілер 9 мл стерильді физиологиялық ерітіндіде суспензияланды. Әр үлгіден 1 мл Эндо ортасына егілді. Өнделген Петри табақтары термостатқа 37°C температурада орналастырылды. Инкубация 24 сағатқа созылды. Ол микроорганизмдердің өсуі мен дифференциациясы үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етті.

**СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ПЕРЕРАБОТКЕ И
КАЧЕСТВУ ПРОДУКЦИИ АПК**



a)



ә)

Сурет 8 – Үлгі нәтижелері:

- а) құрғақ Yuva ашытқы қолданылған нан үлгісі,
ә) Сығылған ЛЮКС ашытқы негізінде дайындалған нан үлгісі

Зерттеу үшін Yuva құрғақ және Сығылған ашытқылар негізінде дайындалған нан өнімдерінен 1 граммнан алынып, 9 мл стерильді физиологиялық ерітіндіде суспензияланды. Әр үлгіден 1 мл сарыуыз – тұзды агарға егілді. Петри табақшалары 37°C температурада 24–48 сағат бойы инкубацияланды.



a)



ә)

Сурет 9 – Үлгі нәтижелері:


- а) құрғақ Yuva ашытқы қолданылған нан үлгісі,
ә) Сығылған ЛЮКС ашытқы негізінде дайындалған нан үлгісі

Сальмонелла туыстас бактерияларды анықтау мақсатында зерттелген нан өнімдеріне Хейтон селективті ортасы қолданылды. Орта сальмонеллалардың өсіп – өнуіне жағдай жасайды. Бірақ ішек тобы

**СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ПЕРЕРАБОТКЕ И
КАЧЕСТВУ ПРОДУКЦИИ АПК**

бактерияларының көбеюін тежейді. Ортанның негізінде 10 грамм петон және 10 грамм ет – пентонды сорпа құрайды. Бұл компонентер бактериялар үшін негізгі азот көзі мен қоректік заттармен қамтамасыз етеді. Селективтік қасиетін беру үшін ортаға 75 грам натрий хлориді қосылады. Тұздың жоғары концентрациясы осмотикалық қысымды арттырып, басқа микрағзалардың өсуін тежейді. Дифференциалды белгі ретінде ортаға 10 грамм маннит қосылады. Хейтон ортасының түстері көкшіл –жасыл болып келеді. Алайда сальмонеллалар ортада түсі өзгерген, әдетте бозғылт колониялар түзе алады.

Зерттеу үшін Yuvа құрғақ және тығыздалған ашытқы негізінде дайындалған нан өнімдерінен 1 грамнан алынып, 9 мл стерильді физиологиялық ерітіндіде суспензияланды. Әр үлгіден 1 мл Хейтон ортасына егілді. Петри табақшалары 37°C температурада 24–48 сағат бойы инкубацияланды.



а)

б)

Сурет 10 – Үлгі нәтижесі:

- а) Сығылған ашытқысынан дайындалған нан өнімі,
- б) Құрғақ ашытқысынан дайындалған нан өнімі

Инкубация аяқталған соң жүргізілген бақылау нәтижесінде Хейтон ортасында сальмонеллаларға тән колониялар байқалмады. Бозғылт колониялар, ортаның түсін өзгертетін типтік морфологиясы бар түзілімдер тіркелмеді. Зерттелген нан өнімдерінің сальмонеллалармен ластанбағанын және санитарлық-гигиеналық талаптарға толық сәйкес келетінін көрсетеді (сурет 10).

Өртүрлі нан ашытқысынан жасалған нан өнімінің органолепти-алық көрсеткішінің нәтижесінде түйіршіктелген ашытқысы жоғары сапаны көрсетті. Сарапшылардың берген бағасы арқылы 4,8 балға ие болды. Осыған сәйкесінше ферментация кезеңі тікелей қатысты. Себебі құрғақ ашытқ баяу және теңдей ашу арқылы жұмсақ әрі күрделі иіс береді. Физика-химиялық көрсеткішінде қатты мен қолданылған нан өнімінің ығалдылығы жоғары болғандықтан, сақтау мерзімі қысқа мерзімді көрсетеді. Түйіршіктелген керісінше ылғалдық деңгейі төмен болып келеді. Сәйкесінше сақтау мерзімі жоғары болады. Қышқылдық деңгейінде сығылғаннан дайындалған нан өнімінде өзіне тән қышқылтым дәм мен жоғары микробиологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Құрғақ ашытқының әсерінен ашу процесі салыстырмалы түрде баяу жүреді, соның салдарынан органикалық қышқылдардың мөлшері төмен болады. Дәмнің бейтараптығы мен жұмсақ құрылымды қамтамасыз етеді. Нан көлемін есептеуде қатты ашытқысының газ түзу және ұстау қабілетінің жоғары екенін көрсетеді. Ашытудың белсенді жүруі қамырдың жақсы көтерілуіне және көлемнің ұлғаюына алып келді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Власенко Н.В., Гусева Е.А. Биотехнология дрожжей. – Москва: Колосс, 2019. – 365 с.
2. Jay J.M., Loessner M.J., Golden D.A. Modern Food Microbiology. – 8th ed. –Springer, 2012. – 790 p.
3. Белова Т.А. Методы микробиологического анализа пищевых продуктов. – Москва: ДеЛи принт, 2019. – 224 с.
4. Ержанова А.К., Калиева Б.А. Физико-химические показатели качества хлеба при различных дрожжей // Молодой ученый. – 2022. – №2. – С. 112-115.
5. Волкова А.Ю., Власова А.Ф. Применение различных видов дрожжей в хлебопекарном производстве // Вестник Технологического университета. – 2021. – №24 (3). – С. 96-100.
6. Harold McGee. On Food and Cooking: The Science and Lore of the Kitchen. – Revised Edition. – NY: Scribner, 2004. – 896 p.

7. ГОСТ 27842 – 2013. Продукты пищевые. Методы определения влажности.

8. ГОСТ 5670 – 96. Хлеб и хлебобулочные изделия. Общие технические условия.

9. ГОСТ Р 54731 – 2011. Дрожжи хлебопекарные прессованные. Технические условия.

10. ГОСТ Р 54845 – 2011. Дрожжи хлебопекарные сушёные. Технические условия.

ӘӨЖ 637.146

ІРІМШІК ӨНДІРІСІНДЕ ҚҰРҒАҚ ЖЕМІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Молдахметова З.Қ. – техника ғылымдарының кандидаты, «Азық-түлік қауіпсіздігі және биотехнология» кафедрасы, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» ҚЕАҚ, Қазақстан Республикасы.

Рыспаева А.Е. – 6B07201 – «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушысы, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» ҚЕАҚ, Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада сүзбе өндіру технологиясында кептірілген жемістерді (мейіз, өрік және қара өрік) қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Олардың химиялық құрамы, тағамдық құндылығы және дайын өнімнің органолептикалық қасиеттеріне әсері жан-жақты талданған. Әртүрлі кептірілген жемістерді қолданудың тиімділігіне салыстырмалы талдау жүргізіліп, сүзбені дәрумендермен, минералды заттармен, органикалық қышқылдармен және тағамдық талшықтармен байытудағы рөлі көрсетілген. Сондай-ақ кептірілген жемістердің өнімнің функционалдық қасиеттеріне және қышқыл сүт өнімдерінің ассортиментін кеңейтуге әсеріне ерекше назар аударылған.

***Түйінді сөздер:** сүзбе, кептірілген жемістер, тағамдық құндылық, технология, органолептикалық көрсеткіштер, функционалдық өнімдер.*

Қазіргі заманғы тамақ өнеркәсібіндегі үрдістер тұтынушылардың биологиялық құндылығы жоғары және функционалдық қасиеттері бар өнімдерге қызығушылығының артуымен байланысты. Дәстүрлі қышқыл сүт өнімі ретінде сүзбе байытылған тағам өнімдерін жасаудың тамаша негізі болып табылады. Кептірілген жемістерді (мейіз, өрік, қара өрік) пайдалану органолептикалық көрсеткіштерді жақсартуға, тағамдық құндылығын арттыруға және сүзбеден жасалатын өнімдер ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік беретін болашағы зор бағыт болып саналады [1].

Сүзбені байытудағы кептірілген жемістердің рөлі. Кептірілген жемістердің құрамында көп мөлшерде көмірсулар (глюкоза, фруктоза), минералды заттар (калий, магний, кальций, темір), дәрумендер (А, С, Е, В тобы), сонымен қатар антиоксиданттар мен органикалық қышқылдар бар. Кептірілген жемістерді қосу сүзбенің биологиялық құндылығын арттырады, оны тұтынушы үшін тартымды етеді және өнімге десерттік сипат береді.

Мейіз, өрік және қара өріктің химиялық құрамы:

- Мейіз – қанттарға (65%-ға дейін), В тобы дәрумендеріне және калийге бай.
- Өрік – 5%-ға дейін талшық, көп мөлшерде каротин мен темір бар.
- Қара өрік – пектингіе, органикалық қышқылдарға және антиоксиданттарға бай [2].

Осындай құрам ерекшеліктері әрбір кептірілген жемісті пайдалы заттардың өзіндік қайталанбас көзі етеді.

Кесте 1 – Кептірілген жемістердің салыстырмалы сипаттамасы

Көрсеткіш	Мейіз	Өрік	Қара өрік	Сүзбе үшін мәні
Қант мөлшері (%)	60-65	45-50	40-45	Дәм, тәттілік қалыптастырады
Дәрумендер	В ₁ , В ₂ , В ₆	А, С, Е, В ₃	А, В ₂ , С	Өнімді дәрумендермен байыту

**СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ПЕРЕРАБОТКЕ И
КАЧЕСТВУ ПРОДУКЦИИ АПК**

1 кестенің жалғасы

Минералды заттар	Калий, Магний	Калий, Темір	Калий, Магний	Зат алмасуды қолдау
Талшық (%)	3-4	4-5	6-7	Ас қорыту жүйесін жақсарту
Антиоксиданттар	Орташа	Жоғары	Өте жоғары	Тотығу үрдістерін баяулату

Маңызы:

- Қант мөлшері – өнімнің дәмін, тәттілігін қалыптастырады.
- Дәрумендер – сүзбені дәрумендермен байытады.
- Минералды заттар – зат алмасуды қолдайды.
- Талшық – ас қорыту жүйесін жақсартады.
- Антиоксиданттар – тотығу үрдістерін баяулатады [3].

Органолептикалық көрсеткіштерге әсері. Мейіз өнімге тәтті дәм мен жағымды иіс беріп, консистенциясын жақсартады. Өрік жеңіл қышқылтым дәм, қанық қызғылт-сары түс және жеміс дәмін қосады. Қара өрік өнімге қою қара реңк, өзіндік хош иіс және сәл тартқыш дәм береді. Осылайша, әрбір кептірілген жеміс ерекше органолептикалық сипаттама қалыптастырады.

- Мейіз – тәтті дәм, жағымды иіс, консистенцияны жақсартады.
- Өрік – қышқылтым дәм, қанық қызғылт - сары түс, жеміс дәмін қосады.
- Қара өрік – қою қара реңк, өзіндік хош иіс, жеңіл тартқыш дәм береді [4].

Тағамдық және биологиялық құндылыққа әсері.

Кептірілген жемістерді сүзбеге қосу дәрумендердің, минералды заттардың және тағамдық талшықтардың мөлшерін арттырады. Соның нәтижесінде өнім функционалдық қасиеттерге ие болып, жүрек-қан тамырлары, ас қорыту және жүйке жүйесінің жұмысына оң әсерін тигізеді.

Қолданудың практикалық аспектілері. Кептірілген жемістер сүзбеге қосылар алдында дайындықтан өтеді: жуылады, жылы суға жібітіледі және ұсақталады. Қосу үрдісі қалыптау немесе қаптау кезеңінде жүргізіледі. Дозасы сүзбе массасының 5-15%-ын құрайды. Бұл ретте тәттілік пен текстура арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды.

**СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ПЕРЕРАБОТКЕ И
КАЧЕСТВУ ПРОДУКЦИИ АПК**

Технологияны дамыту перспективалары. Ең перспективалы бағыттар: кептірілген жемістердің аралас қоспаларын пайдалану, балалар мен диеталық тағамдарға арналған өнімдер шығару, жидектер (мүкжидек, көкжидек) қосылған сүзбелі десерттер әзірлеу. Дәстүрлі кептірілген жемістерді заманауи функционалдық ингредиенттермен үйлестіру қышқыл сүт өнімдерінің нарығын айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді.

Кесте 2 – Кептірілген жемістердің денсаулыққа әсері

Жеміс түрі	Денсаулыққа әсері
Мейіз	Жүрек жұмысын жақсартады, энергия береді, жүйке жүйесін тыныштандырады.
Өрік	Қан құрамындағы геммоглабинді арттырады, көру қабілетін жақсартады.
Қара өрік	Асқазан – ішек жолының жұмысын реттейді, ағзаны токсиндерден тазартады.

Қолданудың практикалық аспектілері. Кептірілген жемістер сүзбеге қосылар алдында дайындықтан өтеді: жуылады, жылы суға жібітіледі және ұсақталады. Қосу үрдісі қалыптау немесе қаптау кезеңінде жүргізіледі. Дозасы сүзбе массасының 5-15% құрайды. Бұл ретте тәттілік пен текстура арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды [5].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Воробьева Н.В. Технология молока и молочных продуктов. – СПб.: Лань, 2020. – 280 с. – С. 98-105.
2. Скурихин И.М., Тутельян В.А. Химический состав пищевых продуктов. – М.: ДеЛипринт, 2019. – 320 .с – С. 145-152.
3. Белоусов А.А. Перспективы использования растительных добавок в молочной промышленности. – М., 2021. – 210 с. – С. 76-84.
4. Journal of Dairy Science. Functional additives in curd production. – 2022. – Vol. 105, №4. – P. 1120-1132.
5. Food Research International. Dried fruits as functional ingredients in dairy products. – 2023. – Vol. 165. – P. 45-53.

УДК 616

«ДОГМА» ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ КЛИНИКАСЫНДАҒЫ МЫСЫҚТАРДА БАУЫР ЛИПИДОЗЫН ЕМДЕУДІҢ ТИІМДІ ӘРІ ҮНЕМДІ ЖОЛДАРЫ

Тулегенова Д.М. – «Догма» ветеринариялық клиникасының дәрігерінің ассистенті, Қостанай, Қазақстан Республикасы.

Ергазина А.М. – PhD докторы, ветеринариялық медицина кафедрасының профессор ассистентінің м.а., «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы.

Мурзакаева Г.К. – PhD, ветеринариялық санитария кафедрасының аға оқытушысы, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл зерттеу жұмысы Қостанай қаласындағы «Догма» ветеринариялық клиникасында мысықтарда жиі кездесетін бауыр липидозын емдеудің түрлі әдістерін салыстыра отырып, олардың тиімділігі мен экономикалық негіздемесін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында үш түрлі емдеу режимі қарастырылып, клиникалық, биохимиялық және ультрадыбыстық зерттеулер жүргізілді. Әр әдістің емдік нәтижесі мен шығын деңгейі салыстырылды. Ерекше назар диетотерапия мен мәжбүрлі тамақтандырудың рөліне аударылды. Жұмыстың нәтижелері липидозға шалдыққан мысықтарға тиімді және үнемді емдеу тактикасын таңдауға көмектеседі. Зерттеу ветеринариялық мамандар мен үй жануарлары иелері үшін практикалық маңызы зор ұсыныстар береді.

Түйінді сөздер: *мысықтар, бауыр липидозы, ветеринария, емдеу әдістері, диетотерапия, экономикалық тиімділік, клиникалық зерттеу.*

Мысықтардағы бауыр липидозы – бұл бауырда майдың шамадан тыс жиналуымен байланысты ауыр метаболикалық бұзылыс. Бұл жағдай бауыр қызметінің айтарлықтай бұзылуына әкеліп, тіпті бауыр жеткіліксіздігіне соқтыруы мүмкін. Липидоздың негізгі себептеріне

дұрыс тамақтанбау, соның ішінде шамадан тыс тамақтану немесе ұзақ уақыт бойы тамақтан бас тарту жатады. Мұндай жағдайлар көбінесе стресс немесе бауырдың ілеспе ауруларымен байланысты болады [1-3].

Липидоздың дамуына ықпал ететін факторлардың ішінде гиподинамия (аз қозғалу) ерекше орын алады. Физикалық белсенділіктің жетіспеуі жағдайды қиындатады, өйткені қозғалыс май алмасуын тиімдірек етеді. Зерттеулер көрсеткендей, бауыр липидозы көбінесе артық салмағы бар мысықтарда жиі кездеседі. Бұл бауырдың жалпы жағдайы мен жануардың денсаулығы арасындағы тығыз байланыстың бар екенін дәлелдейді [4,5,6].

Зерттеулер Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ветеринариялық медицина кафедрасының базасында дипломдық жобаны орындау аясында жүргізілді. Эксперименттік бөлім Қостанай қаласындағы «Догма» ветеринариялық клиникасында жүзеге асырылды. Эксперименттік материал клиникалық симптоматика, биохимиялық қан көрсеткіштері және іш қуысы ағзаларының ультрадыбыстық зерттеулері негізінде жиналды.

Мысықтардағы бауыр липидозының таралуына қатысты статистикалық талдау Қостанай қаласындағы «Догма» ветеринариялық клиникасының амбулаториялық жазбаларына сүйене отырып жүргізілді. Зерттеу міндеттерін шешу мақсатында бауыр липидозының айқын клиникалық белгілері бар алты мысық тәжірибеге алынды. Жануарлар үш топқа бөлінді: әр топта екі жануардан, оның бір бөлігі «Догма» клиникасынан, ал қалғаны өзге ветеринариялық мекемелерден алынды.

Диагностикалық шаралар кешенді түрде жүргізілді: анамнезді талдау, фонендоскоп арқылы аускультация, іш қуысының ультрадыбыстық зерттеуі, биохимиялық және ретикулоциттерді қоса алғандағы жалпы қан талдауы қамтылды. Алдын ала диагнозды нақтылау және ем қабылдаған жануарларды анықтау зерттеудің басты мақсаты болды.

Мысықтардағы бауыр липидозының таралуы, маусымдылығы және жас ерекшеліктері «Догма» клиникасының электронды деректер базасы – Ветменеджер бойынша зерттеледі.

**АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ВЕТЕРИНАРНОЙ НАУКИ
И БИОБЕЗОПАСНОСТИ**

Клиника деректер базасына сәйкес, 2021-2025 жылдар аралығында ветеринарлық клиникаға 20389 мысық түскен, олардың 280-іне «Мысықтарда бауыр липидозы» диагнозы қойылған. Бұл жалпы түскен мысықтардың 1,4 %-ын құрайды (1-кестені қараңыз).

Кесте 1. «Догма» ветеринарлық клиникасында 2021-2025 жылдары мысықтарда бауыр липидозының таралуы (пайызбен)

Жыл	Түскен саны		
	Жалпы мысық басы	Бауыр липидозмен ауыратын мысықтар саны	Пайыздылығы %
2021	5217	70	1,3
2022	6217	92	1,2
2023	7219	102	1,3
2024	7567	101	1,2
2025	386	14	1,2
Барлығы	27389	380	4,1

Мысықтардағы бауыр липидозы маусымдық тәуелділігіне ие емес, бірақ жануарлардың жағдайы ыстық маусымда тұрақсыз болады, себебі жазғы ыстықта жануарларда аурудың белгілері күшейеді (2-кестені қараңыз).

Кесте 2. «Догма» ветеринарлық клиникасында 2021-2025 жылдары бауыр липидозының маусымдық динамикасы (пайызбен)

Период аралығы	Жалпы бауыр липидозбен ауыратын мысық саны	Көктем	Жаз	Күз	Қыс
2021	70	20	30	14	8
2022	92	25	34	21	12
2023	102	25	38	26	13
2024	164	82	52	15	13
2025	115	40	38	23	15
Барлығы	543	192	192	85	94
Пайыздылығы %	100	26,5	38,6	23,1	12,5

**АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ВЕТЕРИНАРНОЙ НАУКИ
И БИОБЕЗОПАСНОСТИ**

Мысықтардағы патологияның жас бойынша динамикасын 3-кестеде көрсеттік. Одан, липидоздың мысықтарда жиі екінші жарты өмірінде кездесетіні байқалады. Жас жануарлар ауырып көрмейді, патология жасымен басталады, ал мысықтар үлкен жаста өмір сүрмейді (3-кестені қараңыз).

Кесте 3. «Догма» ветеринарлық клиникасында 2021-2025 жылдары мысықтарда бауыр липидозының жас бойынша динамикасы (пайызбен)

Липидоз ауырымен ауыратын мысықтың жасы	Жалпы бауыр липидозбен ауыратын мысық саны	Пайыздылығы, %
1-4 жас	2	0,3
5-8 жас	68	17,5
9-12 жас	90	33
13-16 жас	78	35
17-20 жас	23	13,9
Барлығы	280	100

Жоғарыда айтылғандай, зерттеулерге 6 мысық алынды. Барлық жануарлардың жасы 5 жастан асқан. Мысықтар пәтер жағдайында ұсталған. Мысықтарды тамақтандыру түрлері әртүрлі: 3 мысық дайын өнеркәсіптік азықпен, ал қалған 3 мысық табиғи тағаммен қоректенген. Зерттелген 6 мысықтың төртеуі бұрын артық салмаққа ие болған, алайда қабылдауға келген кезде олар арық болып, майлы тіндері ғана байқалды.

6 мысықтың ішінде 2-уі кастрацияланбаған мысық, 3-уі кастрацияланған еркек мысық, ал 1-уі стерилизацияланбаған ұрғашы мысық болды. Зерттелген 6 жануардың 4-еуі мысықтың жұқпалы ауруларына қарсы егілген, барлық мысықтар сыртқы және ішкі паразиттерге қарсы өңделген.

Анамнез жинау барысында иелерінен мысықтардың бұрынғы аурулары, жасалған операциялар, қолданылған дәрі-дәрмектер, үйдегі басқа жануарлардың бар-жоғы, эктопаразиттер мен эндопаразиттерге қарсы өңдеулер, вакцинациялау туралы мәліметтер жиналды. Сондай-ақ қазіргі шағымдар, белгілердің қашан пайда болғаны, қалай біліне-

**АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ВЕТЕРИНАРНОЙ НАУКИ
И БИОБЕЗОПАСНОСТИ**

ді, иесі бұл белгілерді қоршаған орта факторларымен байланыстыра ма, жануардың стресс жағдайын бастан өткеруі туралы сұрақтар қойылды.

Анамнез жинау кезінде бауыр липидозына тән негізгі белгілер анықталды: тәбеттің жоғалуы – 100% (6 мысық), құсу – 75% (4 мысық), регургитация – 50% (3 мысық), арықтау – 62,5% (5 мысық) (4-кестеге қараңыз).

Кесте 4. Бауыр липидозымен ауыратын мысықтардың клиникалық көрінісі (пайызбен көрсетілген)

<i>Топ</i>	<i>Барлығы</i>	<i>Тәбеттің жоғалуы</i>	<i>Құсу</i>	<i>Регургитация</i>	<i>Арықтау</i>
1 топ	2	2	1	2	2
2 топ	2	2	2	1	1
3 топ	2	2	1	0	3
Барлығы	6	6	4	3	5
Процент %	100	100	75	50	62,5

Келесі кезең – физикалық тексеру: жануардың дене қызуы өлшенді, аускультация (жүрек пен өкпені тыңдау), пальпация (сипап тексеру) жүргізілді, шырышты қабаттардың жағдайы бағаланды, капиллярлардың толу жылдамдығы анықталды, пульстің сипаты пальпация әдісімен тексерілді, соңында артериялық қысым (тонометрия) өлшенді.

Қарау барысында барлық мысықтарда сілекей ағуы байқалды, шырышты қабықтар бозғылт-қызғылт түсті, капиллярлардың толу уақыты орташа деңгейде – 2 секунд. Склер мен шырышты қабықтарда сарғаю (иктеричность) бар. Дене қызуының орташа көрсеткіші – 38,5 °С. Жүрек соғу жиілігі – 110 соғ/мин. Тургордың қалпына келу уақыты – шамамен 2,5 секунд, дегидратация белгілері анықталған. Қан қысымы орта есеппен 130/85 мм сынап бағанасына тең.

Сондай-ақ тексеру кезінде кейбір жағдайларда регургитация, ал кейде қабылдау кезінде құсу да байқалды. Жануарларда апатия, әлсіздік және дене салмағының төмендеуі айқын көрінеді.

**АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ВЕТЕРИНАРНОЙ НАУКИ
И БИОБЕЗОПАСНОСТИ**

Жалпы қан талдауы алғашқы тексеру кезінде міндетті түрде жүргізіледі, себебі бұл көрсеткіштерді дұрыс түсіну үшін қажет. Бұл зерттеудің мақсаты –гемоглобин, эритроциттер мен лейкоциттердің мөлшерін, сондай-ақэритроциттер мен плазма арасындағы байланысты анықтау.

Кесте 5. Жалпы қан талдауының нәтижелері

Көрсеткіш	Норма (мысық)	Нәтижелері
Эритроциттер RBC	5,5–8,5 ×10 ¹² /л	4,8
Гемоглобин HGB	120–180 г/л	86
Гематокрит HCT	32–55 %	27
Лейкоциттер WBC	6–17 ×10 ⁹ /л	13,5
Нейтрофилдер NEU	60–77 %	64
Лимфоциттер LYM	12–30 %	14,8
Моноциттер MON	3–10 %	5
Эозинофилдер EOS	2–10 %	5
Базофилдер BAS	0–1 %	0
Тромбоциттер PLT	200–500 ×10 ⁹ /л	350
Эритроциттердің орташа көлемі MCV	60–77 фл	54,4
Гемоглобиннің орташа мөлшері MCH	19–25 пг	17,9

Зерттеуге қатысқан мысықтан алынған қан талдауы нәтижесінде гемоглобин мен гематокрит деңгейінің төмендегені байқалды, бұлмысықта анемия бар екенін көрсетеді.

Қанның әрбір жасушасы – формалық элементі – ағзаны қорғауда өзіне тән қызметі мен міндетіне ие. Белгілі бір жасушалардың санының артуы немесе азаюы аурудың ықтимал себебі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Мысалы, алынған көрсеткіштер қабыну, инфекциялар, анемия, ісіктер, сондай-ақ ағзаның сусыздануы (денедегі судың жетіспеушілігі) секілді жағдайларды анықтауға көмектеседі.

Биохимиялық қан талдауы – негізгі зерттеулердің бірі болып табылады. Ол мынадай мүмкіндіктер береді: ағзаның жалпы жағдайын бағалау; ішкі ағзалардың – бауырдың, өт қабының, бүйректің – жұмысын тексеру; қандағы микроэлементтер, ферменттер және басқа

**АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ВЕТЕРИНАРНОЙ НАУКИ
И БИОБЕЗОПАСНОСТИ**

да заттардың мөлшерін анықтау; зат алмасу деңгейін (метаболизмді) бағалау.

Бұл науқаста айқын билирубинемия және салыстырмалы гипопроteinемия анықталды.

Кесте 6. Липидозбен ауыратын мысықтың биохимиялық талдау нәтижелері

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Норма	Нәтижелері
Аланинаминотрасфераза	МЕ/л	10,0-60,0	127
Аспартатаминотрансфераза	МЕ/л	10,0-50,0	53
Гаммаглутаминтрансфераза	МЕ/л	0,0-3,0	1
ALP	МЕ/л	20,0-60,0	989
Холестерин	ммоль/л	2,3-6,0	6,83
Триглицериды	ммоль/л	0,0-1,5	2,26
Билирубин жалпы	мкмоль/л	0,0-8,0	429,05
Crea	мкмоль/л	50,-130,0	92,65
Bun	ммоль/л	4,0-8,0	4,84
Амилаза	МЕ/л	200,0-800,0	778
Липаза	МЕ/л	0-50,0	25,7
Креатинкиназа	МЕ/л	0-600,0	197
Общий белок	Г/л	50,0-80,0	64,29
Альбумин	Г/л	25,0-45,0	36,18
Na	ммоль/л	150,0-165,0	167
K	ммоль/л	3,5-5,8	4,5
Ca	ммоль/л	2,3-3,0	2,72
P	ммоль/л	0,9-2,0	1,68
Хлоридттер	ммоль/л	112,0-129,0	121
Магний	ммоль/л	0,8-2,5	1,13

Липидоз кезінде мысық бауырының УЗИ-і – бұл бауырдың құрылымын және өлшемін бағалауға, сондай-ақ басқа патологияларды жоққа шығаруға көмектесетін маңызды диагностикалық әдіс. Төменде мысық бауырындағы липидоз кезінде жиі байқалатын УЗИ белгілерінің сипаттамасы келтірілген (сурет 6).



Сурет 6 – Ультрадыбыстық зерттеуін жүргізу кезіндегі бауырдың бейнесі

УЗИ кезінде бауырдың үлкен көлемі, жоғары эхогенділігі және біртекті құрылымы – липидозға тән белгілер. Бірақ бұл диагнозды нақтылау үшін әрқашан қан талдауы, биохимия, кейде биопсия қажет.

Липидоз кезінде бауырдың ультрадыбыстық зерттеуі (УЗИ) ауруды диагностикалауда маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеу бауырдың құрылымын, көлемін және өзгерістерін бағалауға мүмкіндік береді, сондай-ақ басқа патологияларды жоққа шығаруға көмектеседі.

1. Қазіргі ветеринарлық медицинада үй жануарларының, соның ішінде мысықтардың ішкі ағза аурулары жиі зерттелуде. Солардың ішінде бауыр липидозы – күрделі әрі жиі кездесетін метаболикалық аурулардың бірі. Бұл патологияның ерекшелігі – бауыр жасушаларында майдың шамадан тыс жиналуы, бұл өз кезегінде ағзаның барлық жүйесіне әсер етеді. Мысықтарда бауыр липидозы көбіне тамақ ішпеу, стресстік жағдайлар, семіздік сияқты факторлардың салдарынан дамиды. Бұл – өлімге алып келуі мүмкін ішкі бауыр холестазымен жүретін ауру, оның ерекшелігі – гепатоциттердің 80%-

дан астамында триглицеридтер мен бейтарап майлардың жиналуы. Артық салмақ пен семіздік – аурудың дамуына ықпал ететін негізгі факторлар. Бұл аурукөбінесе қарт мысықтарды зақымдайды, сырқаттанудың орташа жасы – 7 жыл, дегенмен әртүрлі жастағы (0,5–20 жас) мысықтарда да тіркелген жағдайлар бар. Патогенезі толық зерттелмеген, ол, шамасы, көпфакторлы болуы мүмкін [7].

Клиникалық белгілердің ең жиі кездесетіндері – анорексия (тәбеттің жоғалуы), салмақ жоғалту, сарғаю, құсу. Сирек –бауыр энцефалопатиясының белгілері байқалады.

Липидоз екіншілік түрде пайда болуы мүмкін, яғни тәбеттің төмендеуіне әкелген басқа патологиялық процестерден кейін дамиды. Анорексияның 2–7 күнге созылуы липидоздың дамуына жеткілікті. Жиі жағдайда оғанбасқа бауыр аурулары,жіңішке ішек аурулары, панкреатит, ісіктер, бүйрек аурулары немесеқант диабеті себеп болады. Бұдан бөлек,күйзеліс те (қоректің өзгеруі, иесінің болмауы немесе жаңа жануардың, әсіресе күшік келуі) мысықта анорексияға себепкер бола алады [8].

2. Бауыр липидозын емдеудің ең басты әрі тиімді әдісі – тамақтануды қалпына келтіру. Бұл аурудың патогенезінде тамақтың жетіспеушілігі негізгі рөл атқарады, сондықтан организмге қажетті қоректі заттарды уақтылы жеткізу – емдеудің негізі. Мысықтың өз еркімен тамақтанудан толық бас тартуы жағдайында, зондтық қоректендіру, соның ішінде, ол- эзофагостомоны орнату – ең сенімді әрі қауіпсіз тәсілдердің бірі. Бұл әдіс арқылы мысыққа жоғары энергиялы, ақуызға бай, бауырға жүктемесі аз арнайы тағамдар тұрақты түрде беріледі. Және де зерттеу көрсеткендей, үш топтың ішінде ең тиімді емдеу тәсілі – ол екінші топтағы емдеу болып табылады. Осы емдеудің кемшілігі да бар және де әрбір жануар иесі осы емдеуге қалдырмағасы келмейді, өйткені емдеу өте қымбат. Дегенмен де, осы емдеу ең тиімді болып саналады [9].

3. Бірінші топтағы мысықтарға фторхинолон тобына жататын антибиотиктер, H₂-рецепторлардың антагонистері, дәрумендер тағайындалды жәнеөңештік зонд (эзофагостома) орнатылды. Екінші топтағы мысықтар да пенициллин тобына жататын антибиотиктер, H₂-рецепторлардың антагонистері, құсуға қарсы препараттармен дәру-

мендер қабылдады, оларға даэзофагостомата орнатылды. Бұл топтағы мысықтар стационарлық ем қабылдады. Үшінші топтағы мысықтарға бірінші және екінші топтағыдай дәрілер тағайындалғанымен, тек бір ғана қожайын дұрыс ем жүргізді. Басқалары жануары қиналмасын десе де, емдеуден бас тартып, ауру өзі өтіп кетеді деп сенді. Зерттеу нәтижелерін талдау барысында алынған мәліметтер алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келетінін көрсетті. Әр түрлі диагностикалық әдістер мен емдеу тәсілдерін қолдану арқылы алынған нәтижелер жануарлардың жалпы жағдайының жақсарғанын, клиникалық белгілердің айтарлықтай азайғанын дәлелдейді.

Зерттелген әр топта байқалған көрсеткіштердің айырмашылығы емдеу тәсілдерінің тиімділігіне байланысты болды. Амбулаторлық және стационарлық емделуші топтарда оң динамика байқалды. Эзофагостомата қолданылған жануарларда тамақтану мен қалпына келу процесі тезірек жүргені байқалды.

Айта кету керек, әр топта да емнің оң нәтижесі байқалды, бірақ бірінші топтағы мысықтар екінші топқа қарағанда ұзақ уақытқа емделді. Үшінші топта бір жануар өліп қалды, ал екіншісі әлі де ем қабылдап жатыр, бірақ қазір ол созылмалы аурулармен күресуде.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Қожахметов, Ж.К. Ветеринариялық ішкі аурулар [Мәтін] / Ж.К. Қожахметов. – Алматы: Агроуниверситет, 2017. – 312 б.
- 2 Мырзабеков, Ж.Ж. Жануарлар патологиясы [Мәтін]: оқулық / Ж.Ж. Мырзабеков. – Алматы: Қайнар, 2020. – 278 б.
- 3 Сеитов, З.Т. Ветеринариялық клиникалық диагностика [Мәтін] / З.Т. Сеитов. – Қостанай: КРУ, 2019. – 180 б.
- 4 Боровков, А.И. Болезни кошек: диагностика и лечение [Текст] / А.И. Боровков. – Москва: КолосС, 2018. – 224 с.
- 5 Полянская, М.А. Гепатозы у кошек: этиология, диагностика, терапия [Текст] / М.А. Полянская // Практическая ветеринария. – 2021. – № 6. – С. 33-37.
- 6 Dukes, T.W. Feline hepatic lipidosis: clinical features and pathogenesis [Text] / T.W. Dukes // Journal of Feline Medicine and Surgery. – 2020. – Vol. 22(3). – P. 215-223.

7 Center, S.A. Hepatic lipidosis in cats: update and therapy review [Electronic resource] / S.A. Center // VetMedLibrary. – Access mode: <https://www.vetmedlib.org/articles/feline-lipidosis>, date of access: 12.04.2025.

8 Қазақстан Республикасының ветеринариялық ережелері. – Астана: Әділет, 2023. – 96 б.

9 Шыңғысова, А. Ветеринариядағы диетотерапия негіздері [Мәтін] / А. Шыңғысова // Ветеринария және мал шаруашылығы. – 2022. – №4. – Б. 45-49.

УДК 616-002.951

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫЛАР МЕН ТҮЙЕЛЕРДІҢ ГЕЛЬМИНТОЗДАРЫ

Кенесары С.А. – ҚҰАУ-нің аспиранты, кіші ғылыми қызметкер, «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Жақсылықова А.А. – PhD, аға ғылыми қызметкер, «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Қалыбай Г.Қ. – аға лаборант ОҚБҒЗС Шымкент қ., «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада Атырау облысының Исатай және Махамбет аудандарында жылқылар мен түйелердегі гельминтоздардың таралуы копрологиялық әдіспен зерттелді. Махамбет ауданында жылқылардан алынған сынамаларда Strongyloides sp. жұмыртқалар, түйелерден алынған сынаманың барлығында Strongyloides sp. Жұмыртқалары және Eimeria cameli ооцисталары анықталды, сондай-ақ бір түйенің нәжісінде Nematodirus spathiger жұмыртқасы табылды. Зерттеу нәтижелері түйелер мен жылқылардағы паразиттік инвазиялардың таралуы біркелкі емес екенін көрсетті, бұл

табиғи-климаттық жағдайлар, жайылымдық ерекшеліктер және маусымдық факторлармен байланысты профилактикалық шараларды уақытылы жүргізудің маңыздылығын және жүйелі түрде бақылап отыру қажеттігін дәлелдейді.

Түйінді сөздер: гельминтоздар, *Strongyloides* sp., *Nematodirus spathiger*, *Eimeria cameli*, копрологиялық зерттеу.

Кіріспе. Гельминтоздар – жануарларда кездесетін паразиттік құрттардан туындайтын аурулар. Оларға жұмыр құрттар (нематодтар), таспа құрттар (цестодтар) және сорғыш құрттар (трематодтар) жатады. Бұл аурулар ауыл шаруашылығы жануарлары арасында кең таралған және олардың денсаулығына, өнімділігіне айтарлықтай теріс әсер етеді. Жылқы мен түйелердегі гельминтоздардың таралуы климатқа, маусымдық ерекшеліктерге, бағып-күту және азықтандыру жағдайларына байланысты болады.


Ыстық климат пен күн сәулесінің қарқыны жоғары аймақтарда, соның ішінде Орталық Азия мен Қазақстанда гельминтоздардың таралуы маусымдық сипат алады [1-5]. Ашық жайылымдарда жүрген жануарлар жиі зақымдалады, себебі гельминттердің жұмыртқалары мен дернәсілдері ластанған азық пен су арқылы таралады.

Материалдар мен әдістер. Атырау облысында копрологиялық зерттеулер 2024 жылдың қыркүйек айында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттелген үлгілердегі гельминттерді анықтау арнайы анықтағыштар мен атластар пайдаланылды [6-10].

Исатай және Махамбет аудандарынан түйе мен жылқылардан 24 фекалий сынамасы алынды (7 сынама жылқылардан және 17 сынама түйелерден). Исатай ауданы Жанбай ауылында түйелерден 9 нәжіс сынамасы, жылқылардан 3 сынама алынды. Гельминт жұмыртқалары мен қарапайымдылар анықталған жоқ.

Махамбет ауданында Мойнақ ауылында жылқылардан 4 сынама алынды, соның 3 сынамасында *Strongyloides* sp. жұмыртқалары табылды (сурет 1 А), инвазия интенсивтілігі 2-ден 21 данаға дейін. Таңдай ауылында түйелерден 8 нәжіс сынамасы алынды. Барлық сынамаларда *Strongyloides* sp. жұмыртқалары (сурет 1 Б) және *Eimeria cameli* ооцисталары (сурет 1 В) анықталды, ал бір түйенің нәжісінде

Nematodirus spathiger жұмыртқасы (сурет 1 Г) табылды, инвазия интенсивтілігі 1 дана.



Сурет 1 – Жылқыдағы *Strongyloides* sp. жұмыртқасы; Б - Түйедегі *Strongyloides* sp. жұмыртқасы В - Түйедегі *Nematodirus spathiger* жұмыртқасы; Г - Түйедегі *Eimeria cameli* ооцистасы

Nematodirus spathiger түйелерде ішек шырышты қабатының зақымдануы, қабыну реакциясы және сіңірудің бұзылуы арқылы көрініс береді, жас малда диарея, өсуінің тежелуі және өлім-жітімге соқтырады. *Strongyloides* sp. дернәсілдерінің миграциясы дерматиттер мен өкпелік өзгерістерді туындатып, ішектік сатысында катаральды энтерит пен диареямен сипатталады, төлдерде ауру сусыздану және өсуінің баяулауымен өтеді. *Eimeria cameli* эпителийдің циклдік зақымдануын шақырып, катаральды-геморрагиялық энтерит пен сіңірудің бұзылуына әкеледі, бұл жас малда диарея, анемия және дамудың тежелуімен білінеді.

Қорытынды. Копроовоскопия нәтижелері бойынша, зерттелген аудандардағы түйелер мен жылқылардың гельминттермен зақымдануының таралуы біркелкі емес екенін көрсетті, бұл бірқатар факторларға байланысты, соның ішінде табиғи-климаттық жағдайлар, жайылымдық ерекшеліктер мен маусымдық ауытқулар. Кокцидиялар (*Eimeria* sp.) және нематодтар (*Nematodirus spathiger*, *Strongyloides* sp.) түйелер мен жылқыларда анықталуы олардың зақымдану деңгейін, әсіресе паразиттерге қолайлы жағдай туғызатын аудандарда бар екенін көрсетеді. Махамбет ауданында жылқылардағы *Strongyloides* sp. инвазия интенсивтілігі жоғары деңгейі (21 данаға дейін) ерекше назар аударуды және тиісті профилактикалық шараларды жүргізуді қажет етеді. *Eimeria cameli* ооцисталарының түйелерде анықталуы да жануарлардың жағдайын тұрақты түрде бақылаудың қажеттілігін көрсетеді.

Жылқы мен түйелердегі гельминтоздар олардың тек денсаулығына, өнімділігіне ғана емес және көбею функцияларына әсер ететін маңызды мәселе болып қала береді. Бұл ауруларға қарсы тиімді күрес жүргізу үшін аймақтың климаттық және эпидемиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тұрақты диагностика, профилактика және емдеу шараларын қолдану қажет. Қазіргі заманғы антигельминтикалық препараттарды пайдалану, сондай-ақ мал ұстаудың санитарлық жағдайларын жақсарту – гельминтоздарды бақылауда ұстап, олардың жануарларға тигізетін зиянын азайтудың негізгі факторлары болып табылады.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сеиткамзина Д.М. Паразитофауна верблюдов в хозяйствах Кызылординской и Мангистауской областях [Текст] / Д.М. Сеиткамзина, Б.Е. Акмамбаева, А.А. Жанабаев, Г.А. Байкадамова // “3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация”. – 2023. – №1. – С.38-45.
2. Ашетова И.Н. Основные паразиты верблюдов в Западном Казахстане [Текст] / И.Н. Ашетова // National scientific portal of Republic of Kazakhstan – nauka.kz. – ([https // www.nauka.kzpage](https://www.nauka.kzpage)).

3. Тусупов С.Д. Эпизоотология и меры борьбы с эймериозом верблюдов на востоке Казахстана [Текст] / С.Д. Тусупов // Государственный университет имени Шакарима г. Семей. – 2019. –(URL: <http://www.allbest.ru/>).

4. Азимов Д.А., Гехтин В.И., Зимин Ю.М., Дадаев С. Гельминты домашних копытных [Текст] Д.А. Азимов, В.И. Гехтин, Ю.М. Зимин, С. Дадаев // Гельминты животных юга Узбекистана. – Ташкент, 1978. – С.43-61.

5. Ибраев Б. К. Паразитоценозы лошадей северного Казахстана [Текст] / Б.К. Ибраев, А.А. Жанабаев, А.М. Жаманова // Паразитарные системы и паразитоценозы животных: материалы V научно-практической конференции Международной ассоциации паразитоценологов, Витебск, 24-27 мая 2016 г. / ред. А. И. Ятусевич [и др.]; Мин-во сельского хоз-ва и продовольствия Респ. Беларусь, Учреждение образования "Витебская государственная академия ветеринарной медицины". – Витебск: ВГАВМ, – 2016. – С. 74-76.

6. Демидов Н.В. Гельминтозы животных [Текст] / Н.В. Демидов // – М., 1987. – 335 с.

7. Хейсин Е.М. Жизненные циклы кокцидий домашних животных [Текст] / Е.М. Хейсин // – Л., 1967 – 193 с.

8. Сванбаев С.К. Кокцидии диких животных Казахстана [Текст] / С.К. Сванбаев // – Алма-Ата, 1979. – 211 с.

9. Капустин В.Ф. Атлас гельминтов сельскохозяйственных животных [Текст] / В.Ф. Капустин – М.:Сельхозгиз, 1953. – 139 с.

10. Боев С.Н., Соколова И.Б., Панин В.Я. Гельминты копытных животных Казахстана [Текст] / С.Н. Боев, И.Б. Соколова, В.Я. Панин // – Алма-Ата, 1962. – Т.1. – 373 с.

УДК 619:616.62-002:636.8

ОСНОВНЫЕ ПАТОЛОГОАНАТОМИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ПРИ МОЧЕКАМЕННОЙ БОЛЕЗНИ У КОШЕК

Маркова Д. – студентка 3 курса специальности В083 – Ветеринария, Казахский агротехнический исследовательский университет им.С.Сейфулина. г. Астана.

Мурзакаева Г.К. – PhD, старший преподаватель кафедры ветеринарной санитарии, НАО «Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина», г. Астана, Республика Казахстан.

Ергазина А.М. – PhD, и.о. ассистента профессора кафедры ветеринарной медицины, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Республика Казахстан.

Мочекаменная болезнь (уролитиаз) – одно из наиболее распространённых урологических заболеваний у кошек, сопровождающееся образованием конкрементов в органах мочевыделительной системы. Целью работы является изучение патологоанатомических изменений, возникающих при уролитиазе у кошек. Исследования проводились на базе КазАТИУ им. С. Сейфуллина с использованием биологического материала от животных с подтверждённым диагнозом. Применялись методы лабораторной диагностики, ультразвукового сканирования и патологоанатомического вскрытия. Выявлены деструктивные процессы в почках, мочеточниках, мочевом пузыре и уретре: воспаление, гиперемия, гипертрофия, наличие песка и камней. Полученные результаты подтверждают значимость ранней диагностики и профилактики уролитиаза в ветеринарной практике.

Ключевые слова: *кошки, уролитиаз, мочекаменная болезнь, патологоанатомические изменения, почки, уретра.*

Введение. Мочекаменная болезнь (уролитиаз) является распространённой патологией мочевыделительной системы у кошек, характеризующейся образованием конкрементов (камней) в различных отде-

лах мочевыводящих путей. Это заболевание занимает одно из ведущих мест по частоте встречаемости и количеству летальных исходов среди кошек, наряду с болезнями сердечно-сосудистой системы и онкологическими патологиями [1].

Уролитиаз у кошек часто протекает бессимптомно на ранних стадиях, что затрудняет своевременную диагностику и лечение. Факторы, способствующие развитию заболевания, включают несбалансированное питание, гиподинамию, хронические инфекции мочевыводящих путей и желудочно-кишечного тракта, а также генетическую предрасположенность.

Патологоанатомические изменения при мочекаменной болезни у кошек разнообразны и зависят от локализации и размера конкрементов. Часто наблюдаются воспалительные процессы в почках и мочевом пузыре, гипертрофия стенок мочевого пузыря, а также повреждения слизистой оболочки мочевыводящих путей, вызванные движением камней [2].

Актуальность исследования обусловлена высокой распространенностью мочекаменной болезни среди кошек и значительным ущербом, который она наносит здоровью животных. Несмотря на развитие ветеринарной медицины, вопросы этиологии, патогенеза, диагностики и профилактики данного заболевания остаются недостаточно изученными, что требует дальнейших исследований в этой области [3].

Материалы и методы исследований. Исследования проводились на базе научно-исследовательской платформы сельскохозяйственной биотехнологии КазАТИУ им.С.Сейфуллина в период с февраля 2025 г. по март 2025 г, методом частичного рассечения анатомо-физиологических систем (см. Рис 1.)

Для проведения исследования патологоанатомических изменений при мочекаменной болезни у кошек были использованы следующие материалы и диагностические средства:

Биологический материал: трупы кошек, умерших естественным путём либо подвергнутых эвтаназии по медицинским показаниям, с подтверждённым диагнозом уролитиаза; фрагменты почек, мочевого пузыря, мочеточников и уретры, отобранные для гистологического

исследования; образцы мочи – для анализа осадка и выявления кристаллов солей.



Рисунок 1 – Вскрытие кошки по методу частичного рассечения анатомо-физиологических систем

Лабораторное и диагностическое оборудование: центрифуга – для исследования осадка мочи; **pH-метр** – для оценки кислотно-щелочного состояния мочи; **гематологический и биохимический анализатор** – для определения клинических и биохимических показателей крови; **ультразвуковой сканер** – для визуализации состояния мочевыделительных органов у живых животных до эвтаназии (при наличии клинических показаний).

Все исследования выполнялись в соответствии с ветеринарно-санитарными нормами, и с соблюдением этических требований при работе с биологическим материалом.

**АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ВЕТЕРИНАРНОЙ НАУКИ
И БИОБЕЗОПАСНОСТИ**

Таблица 1. Показатели лабораторных исследований – общий анализ крови и анализ мочи

Показатели	Кошка №1	Кошка №2	Кошка №3	Кошка №4	Кошка №5
Общий анализ крови					
Гемоглобин (г/л)	163	15.4	17.1	15.2	16.8
Гематокрит (%)	50	34	48	50	32
СОЭ (мм/ч)	8.5	7.9	6.4	6.5	5.6
Лейкоциты ($\times 10^9/\text{л}$)	17.5	16.88	14.5	14.8	14.8
Эритроциты ($\times 10^{12}/\text{л}$)	13.3	14.5	12.3	13.45	15.67
Анализ мочи					
Цвет	Жёлтый	Соломенный	Жёлтый	Соломенно-жёлтый	Жёлтый
Билирубин	Отсутствует	Отсутствует	Отсутствует	Отсутствует	Отсутствует
Кетоновые тела	Отсутствуют	Отсутствуют	Отсутствуют	Отсутствуют	Отсутствуют
Белок (г/л)	1.0	0.6	0.333	Отсутствует	Отсутствует
Нитриты	Отсутствуют	Отсутствуют	Отсутствует	Отсутствует	Отсутствуют
Глюкоза	Отсутствует	Отсутствует	Отсутствует	0.8	Отсутствует
Кислотность (pH)	6.1	7.5	6.3	6.5	6.9
Плотность	1.050	1.020	1.060	1.050	1.070
Эритроциты в моче	3	–	–	–	–

На основании анализа общего состояния крови и мочи у пяти кошек, поступивших с клиническими признаками уролитиаза, установлены следующие характерные изменения, указывающие на воспалительный процесс, обезвоживание и нарушение функции мочевыделительной системы:

АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ВЕТЕРИНАРНОЙ НАУКИ
И БИОБЕЗОПАСНОСТИ

Общий анализ крови: у всех животных наблюдается повышение уровня гемоглобина и гематокрита, что может свидетельствовать о обезвоживании и относительной гемоконцентрации, часто встречающейся при обструкции мочевыводящих путей. СОЭ (скорость оседания эритроцитов) и лейкоцитоз у большинства кошек подтверждают наличие вялотекущего воспалительного процесса. Повышенные значения эритроцитов у некоторых животных также указывают на сгущение крови или компенсаторную реакцию на гипоксию.

Анализ мочи: Белок в моче выявлен у трёх животных, что отражает протеинурию, характерную для повреждения клубочкового фильтра при уrolитиазе или вторичном воспалении. У одной кошки обнаружена глюкоза в моче (0.8), что требует дополнительной оценки – возможно, наличие нарушений в почечных канальцах или стрессовой гипергликемии. Эритроциты в моче указывают на гематурию, обусловленную механическим повреждением слизистой оболочки уrolитами. Кислотность мочи (pH) варьировала от 6.1 до 7.5 – у большинства кошек ближе к верхней границе нормы, что может способствовать образованию струвитов. У всех животных отмечается высокая плотность мочи (1.050–1.070), что может быть результатом концентрированной мочи при недостаточном водопотреблении или почечных нарушениях.

У всех обследованных кошек лабораторные показатели подтверждают наличие воспалительных, дегидратационных и метаболических нарушений, характерных для мочекаменной болезни. Присутствие протеинурии, гематурии, гиперстенурии (высокой плотности мочи) и лейкоцитоза указывает на прогрессирующий патологический процесс, требующий не только симптоматической терапии, но и комплексной коррекции обмена веществ, питания и водного режима.

Патологоанатомические изменения при мочекаменной болезни у кошек. Уrolитиаз у кошек сопровождается выраженными морфологическими и функциональными нарушениями со стороны органов мочевыделительной системы. В зависимости от локализации конкрементов и степени обструкции, изменения могут затрагивать почки, мочеточники, мочевой пузырь и уретру. На патологоанатомическом вскрытии выявляются характерные деструктивные процессы,

**АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ВЕТЕРИНАРНОЙ НАУКИ
И БИОБЕЗОПАСНОСТИ**

воспалительные реакции, атрофические и компенсаторно-гипертрофические изменения тканей. Эти патологические проявления варьируют по степени выраженности и, как правило, коррелируют с длительностью и тяжестью течения заболевания [4].

Изменения в почках (нефролитиаз, гидронефроз, пиелонефрит). Почки могут быть как увеличенными, так и уменьшенными в размерах, что обусловлено стадией патологического процесса. Фиброзная капсула утолщена, местами сращена с корковым веществом.




Рисунок 2 – Патологоанатомические изменения в почках
при мочекаменной болезни

а) в разрезе

б) общая картина

На разрезе почек визуализируются расширенные лоханки, заполненные песком или конкрементами. При выраженном гидронефрозе отмечается истончение коркового слоя, частичное замещение паренхимы кистозными образованиями. Структура ткани почки пестрая: серо-красные участки воспаления чередуются с желтовато-серыми очагами некроза (см. Рисунок 2).

Почки увеличены или уменьшены в размерах, в зависимости от стадии болезни. Капсула почки утолщена, местами сращена с корковым веществом. При разрезе обнаруживаются расширенные лоханки, заполненные мочевыми камнями или песком. При гидронефрозе от-

мечается атрофия коркового вещества, замещение паренхимы кистозными структурами. Почечная ткань на разрезе имеет пятнистую окраску (серо-красные участки воспаления, желтовато-серые очаги некроза) (см. Рисунок 3).



Рисунок 3 – Патологоанатомические изменения в мочевом пузыре

Изменения в мочеточниках (уретеролитиаз, уретерогидро-ефроз). Стенки мочеточников утолщены, слизистая оболочка гиперемирована. Просвет выше уровня обструкции расширен, тогда как ниже – сужен. Внутри просвета обнаруживаются уrolиты, мелкие кристаллы или песок; в некоторых случаях – примеси слизи и крови.

Изменения в уретре (уретролитиаз, уретрит, обструкция). При obturации уретры наблюдается её резкое расширение в проксимальном отделе. Стенки утолщены, слизистая гиперемирована и отёчна. В просвете уретры возможно наличие песка или мелких конкрементов, вызывающих полную или частичную обструкцию мочеиспускательного канала.

Заключение. Мочекаменная болезнь у кошек является распространенной патологией мочевыделительной системы, сопровождающейся выраженными патологоанатомическими изменениями. В зависимости от длительности и степени обструкции мочевыводящих путей отмечаются деструктивные процессы в почках, мочеточниках, мочевом пузыре и уретре [5].

